

Білім беру және медицина философиясы

• Жоспар:

- 1. Білім беру философиясы**
- 2. Медицина философиясы**

- Білім – адам баласының маңызды қасиеті. Сол арқылы ол өзінің ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, өзіндік «менін» сезініп, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда бола алады. Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестің, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы.

- Білім – тұлғаның қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарады.

В.И.Дальдің сөздігінде «білім», «білдіру», «үйрету» деген мағынада қолданылған. Яғни, үйрету мен тәрбиелеу бір-бірімен өте байланысты.

Философиялық әдебиет білімді адамның рухани келбеті деп қарастырады.

А.А.Асмолов білімді тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен өмірлік жолын дұрыс таңдау мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған үрдіс деп анықтаса, А.А. Петровский білімді мақсатпен, жоспарлы ұйымдастыра отырып, адамды әлеуметтендіруге болатындығын көрсетеді.

Білімнің көмегімен мәдениетті игеруге болады. Осы анықтамалардың өзі-ақ білімнің тұлғаны дамыту, жетілдірудегі маңызын көрсетеді.

Білім философиясы білім ұғымын тұлғаны тәрбиелейтін, жасайтын негіз деп қарастырады.

Білім беру дамып келе жатқан адам үшін нақты шарттарды кепілдік етеді, жаңа ой-өрісті, өмір мәнінің жаңа көрінісін қалыптастырады. Адам үшін құндылықтың барлығын, оның потенциалын, өмірлік күш-жігерін сақтай отырып, білім беру қоғамының өмір барысын қайта құрады және бағыттайды. Білім беру – адамның өзіндік күштерін ашуға және ол кез-келген қоғамның қозғаушы күші ретінде мемлекеттің барлық ниеттерін алдын-ала анықтап, даму бағыттарын табуға мүмкіндік беруі тиіс.

Білім – адам өмірінің стратегиялық маңызды саласы.

Қазіргі жүрдек және ақпараттық өркениетте классикалық білім беру парадигмасы өзінің әлсіздігін айқын көрсетті.

Білім беру кеңістігіндегі үш аса маңызды тенденцияны атап өткеніміз орынды.

Біріншіден, білім парадигмасының өзгеруіндегі әлемдік үрдістер білім берудің классикалық моделінің заңдары, білім философиясы мен социологиясында жаңа функциональді идеяларды іздестіру, гуманитарлық ғылымдардағы тың методикалық өлшемдерді қарастыру, экспериментті альтернативті мектептердің ашылуы.

Екіншіден, әлемдегі мәдени және білім беру кеңістігіне ену, үздіксіз білім беру жүйесін, білімді ірілендіру мен компьютерлеуді дамыту, оқыту бағдарламаларын еркін таңдауға жағдай жасау, мектептер мен басқа оқу орындарының дербес дамуына негізделген оқушылар мен оқытушылар қоғамдастығын қалыптастыру.

Үшіншіден, білім беру процесінде ұлттық құндылықтар мен адамгершілік үлгілерін әр уақытта есепке алу қажеттігін ұмытпау. Осы тұста дамыған елдер тәжірибесіне назар аудару орынды.

Білімді тұрақты дамыту стратегиясын басшылыққа алған жоғары дамыған елдер, әсіресе, Жапония, Қытай, Корея, Малайзия, Сингапур сияқты Азия елдері жаһандану үрдісін, ақпараттық-коммуникациялық революцияны, инновациялық технологиялардың ендірілуін басқа елдермен белсенді және тиімді экономикалық қарым-қатынас орната отырып, жедел даму мүмкіндігі есебінде пайдаланса, екінші жағынан, өздерінің ұлттық рухани және экономикалық тәуелсіздігін, қауіпсіздігін сақтаудың, ұлттық өркендеудегі бірден-бір кепілі ретінде отандық білім саласын реформациялауға аса үлкен мән беріп, оны мемлекеттің басым саясатына айналдырып отыр.

Қазіргі ғасырды адамзат «жылдамдық ғасыры, бірігу ғасыры», информация ғасыры деп бағалап жүр. Бұған «білім ғасыры» деген анықтаманы да қосуға болады. Өйткені, білімді болудың аса үлкен қажеттілік екендігін адам баласы осы ғасырда өте жақсы түсінген сияқты.

Постиндустриалдық өркениет заманының білім беру кеңістігіне үш сипат тән: ізгілендіру, біріктіру, кірігу процесінің жоғарылығы және инновациялылық.

Білімнің гуманистік немесе ізгілік сипаты әлеуметтік-мәдени дамудың ең жоғарғы құндылығы – адами дамуды, оның негізгі өлшемдерін қамтамасыз ету, яғни өмір сүруін ұзарту, салауаттылығын арттыру, сатып алу, тұтынудың мүмкіндігін кеңейтуде көрініс береді.

Біріктіру сипаты жеке қызығушылық пен мүдделердің қоғамдық мүдделермен үйлесімділігін таба отырып, мүдделер қақтығысын болдырмау немесе оның алдын алу, кері әсер ететін әлеуметтік факторларды жою немесе ығыстыру, ықпалын әлсірету сияқты үрдістерде айқындалады.

Білімнің инновациялық сипаты қазіргі өркениеттің негізгі рухани жолы – тұлғаның ішкі қуанышы мен сапасының, шығармашылығының дамуына жағдай жасауында болып отыр.

Адам баласы таптық, топтық, жыныстық, нәсілдік белгілерден әлдеқайда кең. Оның әлемге қатынасы жан-жақты және терең.

Біз әдетте, кез келген нәрсенің мәнін, мағынасын белгілі бір дәрежеде анықтап үйренгенбіз. Көп нәрсе көзге көрініп, сезіліп тұрғандықтан оның мәні де тезірек байқалады. Алайда, адамның көзіне көрінбейтін, уақытпен бірге ағып бара жатқан өмір деген абстрактілі ұғымның мағынасын немесе анықтап дәл айтуға болады.

Тұлғалық дамудың жоғары деңгейіне жеткен адам: мен жерді тіреп тұрған негіз не болмаса күллі ғаламның кіндігі емеспін. Сондықтан менен де маңызды, менен де қадірлі бірдеңе болуы тиіс. Менің жарқ етіп өте шығатын шолақ ғұмырым ұшы-қиыры жоқ мәңгіге созылып жатқан бітпес бір ғұмырдың титімдей бөлшегі деп ойлансын. Осы бір өте бір қиын уақытта әлемдегі өз орнын дұрыс анықтап, қоғамдағы кетігін тауып қаланғанда ғана мәні ашылады. Ал ол адам өмірде өз орнын табу үшін өзге адамдардың өз орындарын табуына кесірін тигізбеуі керек. Міне осылайша, гармония, сыйластық, барлық адамға деген игі тілек, жақсы ниет дүниеге келеді.

Осындай тереңдікпен ойлану үшін, әрине, білім керек.

Білім – адамды түбегейлі өзгертетін және оның тіршілік ету мүмкіндігін кеңейтетін рухани фактор. Қазіргі адамаралық қатынастардағы мобильділікті, динамизмді, сәт сайын өзгеріске ұшырап тұратын іс-әрекетті рухы биік, білікті маман ғана қабылдай алады.

Осы айтылған факторлардың басты көпшілігі соңғы 20-30 жылдарда дамып келе жатқан білім философиясының қалыптасуына негіз болады.

Білім философиясы – жалпы философияның бір бөлігі немесе саласы. Ол философияның өзегін құрайтын «адам-әлем қарым-қатынасын» білім алу, білім беру, басқаша айтсақ, білімдеу тұрғысынан қарастырады. Философияның бүкіл тарихында білімнің сипаты, білім мен сенім, білім мен адамгершілік, білім мен іскерлік сияқты сұрақтар жан-жақты қарастырылған.

Білім философиясының арнайы ғылыми сала ретінде бөлініп шығуына себеп болған маңызды негіздер – білім берудің технологияларының өзгеруі, көлемінің өсуі және қоғам мен білімнен туындаған қайшылықтардың тереңдеуі.

Білім философиясында білімділік идеясы, білім берудің мақсаты, білім беретін жүйелердің тарихы, философияның білімге ықпалы сияқты аса маңызды педагогикалық сұрақтар талқыланады.

Философия өзінің біртұтастық және жүйелілік, құрылымдық талдау идеяларымен педагогиканың методологиялық негізі рөлін жоғалтпайды. Өйткені, қазіргі уақытта көптеген жүйелер кең тараған философиялық бағыттардың идеяларына сүйенеді.

Философияның тарихилық принципі педагогика ғылымы үшін аса маңызды. Педагогиканың барлық бөлімі осы принципке негізделеді. Өйткені, адамды білімді етіп, тәрбиелеу барысында тарихи дәстүр мен қазіргі инновациялық үрдіс әр уақытта өзара ұшырасып, кездесіп, қиылысып отыруы қажет.

Жалпы теориялық және қолданбалы деңгейі бар педагогика жалпы негіздер, дидактика, тәрбиелеу теориясы, мектептану сияқты төрт маңызды бөліктерден тұрады. Олардың әрқайсысының өзіндік орны мен мақсаты бар.

Білім философиясы педагогика тікелей айналыспайтын, бірақ оған қатысы бар маңызды дүниетанымдық мәселелерді зерттейді.

Мысалы, білімді адам идеалы.

Қазіргі уақытта білімді адам идеалы туралы педагогика тұрғысынан ғана ізденіс жасау жеткіліксіз. Өйткені, ондай идеалды шығару үшін адам туралы білімдердің жаңа деңгейін игеру қажет. Яғни педагогиканың антропологиялық негіздері өзгеріске ұшырады.

Қазіргі білімді адам - әлемді игеріп, ондағы өзінің орнын таба алатын, заман сұранысына сай өзегін өзгерте алатын, іскер адам. Яғни білімді тек білдіру үшін ғана емес, соған сүйеніп, тез жол табуға икемді, ішкі қуатты мобильді, білікті тұлға пісіп-жетілуіне бағыттау қажет.

Яғни білімнің адам тұлғасын жетілдірудегі, ұйымдастыруындағы құндылықтың табиғатын анықтау – білім философиясының негізгі міндеті.

Білім философиясы жақында ғана қалыптасқан жас ғылым болғанына қарамастан, оның құрамында негізгі бағыттары қалыптасты.

Білім онтологиясы – білім деген не сұрағына жауап беріп, оның табиғатын, мәнін, мағынасын түсіндіреді.

Білім аксиологиясы – білімдегі құндылықтардың табиғатын және білімнің өзіндік құндылықтың сипатын айқындайды.

Білім логикасы – білімнің пайда болу тетіктерін, білімнен білімнің туындау заңдылықтарын зерттейді.

Білім әдістемесі – білімді үйрету жолдары мен оған әсер етудің тетіктерін үйретеді.

Білім этикасы – білім мен адамгершіліктің өзара қарым-қатынасын қарастырып, адамды ірілендірудегі білімнің маңызын анықтайды.

Білім эстетикасы – жан мен адам қарым-қатынасындағы сұлулық пен ұсқынсыздық, әдемілік пен сүреңсіздіктің табиғатын анықтаудағы білімнің маңызын зерттейді.

Білім аумағындағы саясат белгілі бір мемлекеттің халқын жаппай сауаттандыру мен білім беру ісін ұйымдастырудағы әрекеттерінің сипатымен анықтайды.

Білімнің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі басқаруға жетілдіруге, өзін-өзі басқаруға қабілетті адамдарды қалыптастыруға негіз болу.

Бүгінгі күнгі білім берудің өзекті парадигмасы өзін-өзі шығармашылықпен дамытуға, нығайтуға ұмтылыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру.

Медицина философиясы ғылыми білімнің ерекше саласы ретінде ХХ ғасырда кеңінен тарады, себебі философия мен медицинаның қосылу шекарасында болған зерттеу бағдарламаларының көптеп таралуына байланысты: емдеудің тәжірибелері мен техникасы қалыптаса бастады, өзіндік сауығу, ағзаның ішкі мүмкіндіктерін, адамзат рухының резервтерін, с.қ. психиканың ұрпақтан ұрпаққа берілетін құрылымын есепке ала отырып өзіндік жетілу (мысалы К.Юнгтың коллективтік бейсаналық архетиптері).

Қазіргі медицина философиясы әртүрлі принциптерге, әдістемелік негіздер мен философиялық амалдарды басшылыққа ала отырып бірнеше бағытта дамиды. Қазіргі таңда философия мен медицинаның қырында тұрған негізгі мәселелер – тұлғаның және ұлттың денсаулығы, салауатты өмір салты, қоғам мен табиғи ортаның адамзат ағзасына тигізетін патологиялық өзгерістері, адамзат руханилығының адам денсаулығының психикалық және физикалық негізі ретінде, «ғасыр індеттерінің» әлеуметтік себептері, дәрігер мен науқастың қарым – қатынас этикасы, қазіргі медицианың эстетикалық негіздері. (өнер емдеу әдісі ретінде, түс және дыбыс терапиясы, сұлулық пен үйлесімділік ағза тепе – теңдігін қалпына келтіруші тәсіл ретінде және т.б.)

XX ғасырда адамзаттың күнделікті мәселелерін шешу мақсатында философиялық және медициналық мәселелерді біріктіру арқылы жүзеге асыруға болады деген ат салысқан көптеген атақты философтары мен дәрігерлерінің ішінде австриялық дәрігер мен философ З. Фрейдты, швейцар психиатры және мәдениеттанушысы К.Г.Юнгты, неміс-француз дәрігері және философы А. Швейцерді, неміс философы К.Ясперсті, орыс ғалымдары Ф.Угловты, Н.Амосовты, М. Норбековты, Г.Сельені және т.б. атауға болады

Сондықтан, философия мен медицина ғасырлар бойы өзіндік дамуы барысында бір –бірін байытып, өзара ауысады; білімнің жеке саласы ретінде медицина философиясы ХХ ғасырда ерекше өзекті және қалыптасқан болды, өзінің «бабаларын» – ұлы философтар мен ежелгі дәрігерлердің ең жақсы идеяларын талдап және қайта қарастырды.

«Қазіргі медицинаның негізгі теориялары қайткенмен де фундаменталды постулаттармен жалпы теориялық жүйелер позициясын анықтайтын медицина философиясымен байланысты. Себебі, қазіргі философиялық зерттеулер (философиялық антропология, сана философиясы, әлеуметтік философия) медициналық теорияның бейімделушілікке дайындығы (бейімделу теориясы – медицинаның жалпы биологиялық теориясы, бірақ медицина тек биологиялық бейімделулермен ғана айналыспайды, с.б. әлеуметтік бейімделу, яғни, адамның қоғамдық өмірге бейімделуі), детерминизм теориясы (ағзада болып жатқан себептілік негіздермен патологиялық процестердің байланысы), қалыпты(оптималды) өзіндік ретке келтіру мен жалпы патологияның теориясын негізге алады.

Клиникалық медицинаның философиялық негізіне диагноз қою, емдеу, реабилитация жасау теориясы жасайтын адам мәнін психо-био-әлеуметтік жан ретінде қалыптасқан түсінікке сай болатын «сауықтыру философиясы» деп аталатын білім саласы болады. Профилактикалық медицинаның философиялық негізіне адам мен қоршаған ортаның жақсы жағдайын зерттеу барысында гигиена теориясын негізге алуға болады. Құндылықтардың философиялық теориясын дәрігерлік этика, деантология, клиникалық практикасының философиялық фундаменті болып табылады.

Қазіргі философия медициналық білімнің әдістемелік негізі ретінде, бөлініп кеткен жеке зерттеулерді бір арнаға тоғыстырып, оларды өзіндік жүйе– адамды сапалы зерттеуде қолдана білу. Қазіргі дәрігердің қызметінің алдындағы жоспарда диалектикалық әдіс тұр, себебі тек сол ғана ол ауру туралы сұрақтарда, оны емдеуде, профилактикасында, сауығу кезеңін өткізуде кешенді, жүйелі амалы болады.

Диалектикалық амал біртұтас жүйелі ойлауға негізделеді, себебі ол қарама-қарсылықтарды бөлмей, қайта біріктіреді, с.қ. жалпы мен локалдының өзара байланысын есепке алады (ежелгі дәрігерлер ағзаның біртұтас екенін білген, егер онда бір элементі (бөлігі) бұзылса, онда анық деңгейде бүкіл ағза да өзгеріске ұшырайды, оның өмірлік қызметі біртұтас жүйе ретінде бұзылады.).

XX ғасырда ғылым мен ғылыми қызмет әдісінде кешенді пән аралық бағыт ретінде синергетика келп шықты. Синергетика ерекше мысалы болып адам табылатын ашық, тізбекті емес, берік жүйелерді зерттейді. Синергетика мен медицинаның күштерін біріктіру – қазіргі медицина философиясының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Синергетика адам денсаулығына байланысты емдеу өзін –өзі ашу бейнесіне ие болатын жаңа амалдарды ашты. Адамда сау болашаққа жасырын мүмкіндік беретін қасиеттері бар, емдеу мен сауығу, синергетикалық процесс ретінде көрініс табады.

Синергетиканың ғылыми аппаратын қолдану арқылы ағзаның бөліктерінің өзара әрекеттесуінің ерекше типін сипаттайтын тұтас ашық жүйе ретінде зерттеу болаып табылады. Мүшенің, терінің және т.б. болатын кез –келген өзгерістер тек осы мүшенің ғана емес басқалардың да қарсылығын көрсететін көзі болады, яғни, адам денесінің мүшелері мен жүйелерінің дұрыс байланыстары бұзылып, жаңа қалыпсыз байланыстар қалыптасады, олардың дамуын болжау қиын, сол себепті аурудың күшеюі формаларын да болжау мүмкін емес.

Медицинада синергетика идеяларын қолданудың мысалы ретінде адам ағзасының бөліктерінің геокосмостық факторлармен өзара әрекеттесуін зерттеді айтуға болады. Геокосмостық жүйелер де, адам да диссипативті жүйе ретінде көрініс табады. (ашық, яғни, өзара әрекеттесетін, және сыртқы ортамен заттық және энергиялық алмасуы бар.). Геокосмостық факторлар кешені адамзат ағзасы жүйесіне әсер ете алады: орта айлық лейкограмм жиынтығын, электролиттік тепе – теңдікті, қанның ферменттік мәртебесін ретке келтіру – космостық сәулелердің орта айлық динамикасы синергетті болады.

Зерттеулер биологиялық жүйелердің жылдам өзін қалпына келтіру мен орта факторларының өзгерістеріне бейімделушілігі бар екенін көрсетті. Пайда болған хаос өзін қалпына келтіру процесімен, ретке келген жүйемен ақталады. Сол себепті, синергетика тек таным ғана емес, жеке жағдайда – адамды психосоматикалық жан ретінде түсіну мен емдеу болып табылады.

Синергетика адам мен табиғаттың арасындағы жаңа диалогты бастайды, жаңа экореалдықты қалыптастырады.

Синергетиканың диалектикамен және жүйелер теориясымен тығыз байланысын мойындау керек, көп жағдайда олардың категориалдық аппаратын қолданады, эволюция, жүйелік, өзара әрекеттесу мәселелерін қарастырады, с.б. кездейсоқтық, қажеттілік пен шындық факторлары да қаралады.

Өкінішке орай, теориялық медицинаның қазіргі жағдайы (ауру туралы ілімдер, компенсаторлық-бейімделушілік процесстер, ағзаның бөліктерінің өзара қатынастары мен байланыстары, қызметтерінің бұзылуы механизмдерін және т.б.) теиялық медицинаның қазіргі таңда кешенді білім болып табылмайтынын және біртұтас жүйе ретінде ғана емес, жеке бөліктер ретінде ғана көрініс табуда екендігін мойындауымыз керек.

Г.Селье «Тұтас ағза деңгейінде» (1972) атты еңбегінде: «Өмір өзінің құрамдас бөліктерінің жай жиынтығы емес... тірі кешендер ... ары қарай бөлген сайын, сіздер биогиядан алысқа кетесіздер, соңында тек ұлы да, мәңгі өлі табиғаттың жалпы алған заңдары қалады...» Тірі табиғатты тануда негізінде үнемі қайшылық пайда болады– элементарлықтан тұтастыққа, және керісінше тұтастықтан элементарлық бөлікке бөлу.

- Философиялық доктринаға – ғылымның жалпы әдістемесіне үнемі сүйенбесе (философиялық антропология, сана, қызметтің танымдық мәселелерін зерттеу және т.б.) қазіргі таңдағы медицинаның біртұтас теориялық базасын құрамдас фактілерден құрау мүмкін емес. Клиникалық дәрігер егер тек жеке білімге ғана сүйенбей, ағзаның жұмыс істеу заңдылықтарын білу арқылы, адамды күрделі биоәлеуметтік жүйе ретінде қарастырған кезде ғана нақты жағдайда мақсатты және тиімді қызмет ете алады.

- Бұл міндетті шешу тек философиялық және медициналық білімдерді синтездеу арқылы көрінеді, медицина ғылымының нақты материалын философиялық білім арқылы анықтама беру, ол медицина философиясының мақсаты және негізі болып табылады.